



Спорттағы допингке қарсы күрес туралы халықаралық конвенцияны ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 7 желтоқсандағы N 220-IV Заңы

Парижде 2005 жылғы 19 қазанда қабылданған Спорттағы допингке қарсы күрес туралы халықаралық конвенция ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н. Назарбаев

UNESCO СПОРТТАҒЫ ДОПИНГКЕ ҚАРСЫ КҮРЕС ТУРАЛЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНВЕНЦИЯ

Париж, 2005 жылғы 19 қазан

СПОРТТАҒЫ ДОПИНГКЕ ҚАРСЫ КҮРЕС ТУРАЛЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНВЕНЦИЯ

(2010 жылғы 1 сәуірде күшіне енді - ҚР СИМ-нің ресми сайты)

Бұдан әрі "ЮНЕСКО" деп аталатын Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Бас конференциясы 2005 жылғы 3-21 қазанда Парижде өткен өзінiң 33-сессиясында,

ЮНЕСКО-ның мақсаты халықтардың білім, ғылым және мәдениет саласындағы ынтымақтастығын кеңейту жолымен бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтуға жәрдемдесу болып табылатынын ескере отырып,

адам құқығына қатысты қолданыстағы халықаралық құжаттарға сүйене отырып,

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 2003 жылғы 3 қарашада қабылдаған және тәрбиеге, денсаулыққа, даму мен бейбітшілікке ықпал етудің құралы ретінде спортқа қатысты 58/5 қарарын, атап айтқанда оның 7-тармағын ескере отырып,

спорт денсаулықты қорғауда, имандылық, мәдениет және дене тәрбиесінде, сондай-ақ халықаралық өзара түсіністік пен бейбітшілікті нығайтуға жәрдемдесуде маңызды рөл атқаруға тиіс екендігін сезіне отырып,

спорттағы допингті түбірімен жоюға бағытталған халықаралық ынтымақтастықты көтермелеу және үйлестіру қажеттігін атай отырып,

спортшылардың спортта допинг пайдалануына және допингтің олардың денсаулығына тигізер салдарына, әділ ойын принципiне, алаяқтықты жоюға және спорттың болашағына байланысты алаңдаушылық білдіре отырып, допинг ЮНЕСКО-ның Халықаралық дене тәрбиесі және спорт хартиясында және

Олимпиада хартиясында бекітілген этикалық принциптер мен тәрбиелік құндылықтарға қауіп төндіретінін ұғына отырып, Еуропа Кеңесінің шеңберінде қабылданған Допинг қолдануға қарсы конвенция мен оған Қосымша хаттама елдердің допингке қарсы күрес саласындағы саясаты мен үкіметаралық ынтымақтастығы негізделетін бұқаралық халықаралық құқықтық құрал болып табылатынын еске сала отырып, ЮНЕСКО Мәскеуде (1988 ж.), Пунта-дель-Эстеде (1999 ж.) және Афиныда (2004 ж.) ұйымдастырған дене тәрбиесіне және спортқа жауапты министрлер мен басшы қызметкерлердің екінші, үшінші және төртінші халықаралық конференцияларында қабылданған допинг туралы мәселе жөніндегі ұсынымдарға, сондай-ақ ЮНЕСКО-ның Бас конференциясы өзінің 32-сессиясында (2003 жылы) қабылдаған 32 С/9 қарарына с ү й е н е о т ы р ы п ,

Дүниежүзілік допингке қарсы агенттік 2003 жылғы 5 наурызда Копенгагенде Дүниежүзілік спорттағы допинг жөніндегі конференцияда қабылдаған Дүниежүзілік допингке қарсы кодексті, сондай-ақ Спорттағы допингпен күрес туралы Копенгаген декларациясын назарға ала отырып, сол сияқты, жетекші спортшылардың жастарға тигізер әсерін назарға ала отырып, допинг қолдануды болдырмау стратегиясының тиімділігін мейлінше қамтамасыз ету мақсатында допингті табу әдістерін жетілдіру және оны пайдалануға әсер ететін факторларды тереңірек зерделеу үшін тұрақты негізде зерттеулер жүргізу және кеңейтудің қажеттігін ескере отырып, допинг қолдануды болдырмау мәселелері бойынша спортшыларға, спортшылардың қосалқы персоналына және тұтастай қоғамда тұрақты негізде оқу-ағарту жүргізудің маңыздылығын да ескере отырып, допингке қарсы күрес бағдарламаларын жүзеге асыру үшін қатысушы мемлекеттердің әлеуетін ұлғайтудың қажеттілігін назарға ала отырып, спортқа жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдар спортта допинг қолдануды болдырмау және онымен күресу бойынша, атап айтқанда әділ ойын және оған қатысушылардың денсаулығын қорғау принципі негізінде спорттық іс-шараларды тиісінше өткізуді қамтамасыз ету үшін өзара толықтырмалы функцияларды о р ы н д а й т ы н ы н е с к е р е о т ы р ы п ,

бұл органдар мен ұйымдар барлық тиісті деңгейлерде барынша тәуелсіздік пен ашықтыққа кол жеткізе отырып, осы мақсаттарға кол жеткізуде ынтымақтасуға тиіс е к е н і н т а н и о т ы р ы п ,

спорттағы допингті жою бойынша бұдан әрі және барынша белсенді бірлескен әрекеттерді қолдану шешіміне бекем бола отырып, спорттағы допингті жою спорттағы допингке қарсы стандарттарды және практиканы жүйелі түрде келісуге және ұлттық және әлемдік деңгейлердегі

ынтымақтастыққа байланысты екенін тани отырып,
осы Конвенцияны 2005 жылғы он тоғызыншы қазанда қабылдады.

I. Қолданылу саласы

1-бап — Конвенцияның мақсаты

Осы Конвенцияның мақсаты ЮНЕСКО-ның дене шынықтыру және спорт саласындағы қызметінің стратегиялары мен бағдарламалары шеңберінде оны жою мүддесінде спортта допинг қолдануды болдырмауға және онымен күресуге жәрдемдесу болып табылады.

2-бап - Айқындаулар

Төменде келтірілген айқындаулар Дүниежүзілік допингке қарсы кодекстің түп мәтінінде түсіндірілгені жөн. Алайда олар әрқелкі түсінілген жағдайда, Конвенцияның ережелері басымдылыққа ие болады.

Осы Конвенцияның мақсаттары үшін:

1. "Допинг-бақылаудың аккредиттелген лабораториялары" Дүниежүзілік допингке қарсы агенттік аккредиттеген лабораторияларды білдіреді.

2. "Допингке қарсы ұйым" допинг бақылау процесінің кез келген элементін әзірлеуге, жүзеге асыруға немесе оның сақталуын қамтамасыз етуге қатысты ережелерді белгілеуге жауапты заңды тұлғаны білдіреді. Оларға, мысалы, Халықаралық олимпиада комитеті, Халықаралық паралимпиялық комитет, ірі іс-шаралар өткізетін және оларға тестілеуді жүзеге асыратын басқа да ұйымдар, Дүниежүзілік допингке қарсы агенттік, халықаралық федерациялар және ұлттық допингке қарсы ұйымдар жатады.

3. Спорттағы "допингке қарсы ережені бұзу" бір немесе бірнеше мынадай бұрмалаушылықтарды білдіреді:

(a) спортшының ағзасынан алынған сынақта тыйым салынған субстанцияның немесе оның метаболитының немесе маркерінің болуы;

(b) тыйым салынған субстанцияны немесе тыйым салынған әдісті пайдалану немесе пайдалануға талпыну;

(c) қолданыстағы допингке қарсы ережелерге сәйкес хабарлама алғаннан кейін сынақ алуға келуден бас тарту немесе сынақ алуға себепсіз келмеу немесе сынақ алудан өзге де жолмен жалтару;

(d) байыпты ережелердің негізінде белгіленетін өзінің орналасқан жері туралы талап етілетін ақпаратты бермеуді және ақылға қонымды тестіден өтуге келмеуді қоса алғанда, спортшының жарыстан тыс тестілеуден өтуіне қатысты қолданыстағы

т а л а п т а р д ы

б ұ з у ;

(e) допинг-бақылаудың кез келген кезеңінде оны бұрмалау немесе бұрмалауға ұ м т ы л у ;

(f) тыйым салынған субстанцияларға немесе әдістерге ие болу;

(g) кез келген тыйым салынған субстанцияны немесе кез келген тыйым салынған ә д і с т і т а р а т у ;

(h) тыйым салынған субстанцияны кез келген спортшыға егу немесе егуге ұмтылу немесе оған қатысты тыйым салынған әдістерді қолдану немесе қолдануға ұмтылу немесе допингке қарсы ережені бұзуға немесе бұзуға ұмтылумен байланысты көмек көрсету, көтермелеу, жәрдемдесу, арандату, жасыру немесе кез келген өзге нысанда б і р г е қ а т ы с у .

4. Допинг-бақылау мақсаттары үшін "спортшы" әрбір ұлттық допингке қарсы ұйым анықтайтын және қатысушы мемлекеттер танитын халықаралық немесе ұлттық деңгейде спортпен айналысатын кез келген адамды, сондай-ақ қатысушы мемлекеттер мойындайтын спортпен айналысатын немесе төменірек деңгейдегі спорттық іс-шараға қатысатын кез келген басқа адамды білдіреді. Білім және даярлау бағдарламаларының мақсаттары үшін "спортшы" ұғымы қандай да бір спорт ұйымының бастамасымен спортпен айналысатын кез келген тұлғаны білдіреді.

5. "Спортшының қосалқы персоналы" спортшымен жұмыс істейтін немесе спортшыны емдеумен айналысатын, спорттық жарысқа қатысатын немесе қатысуға даярлайтын кез келген жаттықтырушыны, нұсқаушыны, менеджерді, агентті, команда штатының мүшесін, лауазымды тұлғаны, медициналық немесе парамедициналық п е р с о н а л д ы б і л д і р е д і .

6. "Кодекс" Дүниежүзілік допингке қарсы агенттік 2003 жылғы 5 наурызда Копенгаген қаласында қабылдаған және осы Конвенцияның 1-толықтыруына енгізілген Дүниежүзілік допингке қарсы кодексті білдіреді.

7. "Жарыс" жекелеген жарысты, матчты, ойынды немесе спорттық тартысты б і л д і р е д і .

8. "Допинг-бақылау" тестілеу жүргізуді жоспарлау, сынама алар алу және оларды ұстау, лабораториялық талдау, тестілеуден кейінгі рәсімдер, тыңдаулар мен апелляциялар кіретін процесті білдіреді.

9. "Спорттағы допинг" допингке қарсы ережелерді бұзу жағдайын білдіреді.

10. "Допинг-бақылаудың тиісті дәрежедегі уәкілетті органдары" халықаралық немесе ұлттық допингке қарсы ұйымдардың басшылығымен әрекет ететін допинг-бақылау топтарын білдіреді.

11. Егер қандай да бір халықаралық федерация немесе басқа да тиісті допингке қарсы ұйым өзгеше көздемесе, "жарыстық тестілеу" жарыстық және жарыстан тыс тестілеу арасындағы айырмашылықты жүргізу мақсаты үшін спортшының нақты жарысқа қатысуына байланысты тестілеу үшін таңдап алынуындағы тест жүргізуді

б і л д і р е д і .

12. "Лабораториялар үшін халықаралық стандарт" осы Конвенцияға 2-толықтыруына енгізілген стандартты білдіреді.

13. "Тестілеудің халықаралық стандарты" осы Конвенцияға 3-толықтыруына енгізілген стандартты білдіреді.

14. "Алдын-ала хабарлаусыз" спортшыны алдын-ала хабардар етпей жүргізілетін допинг-бақылауды білдіреді, бұл ретте спортшыға оған хабарлау сәтінен бастап сынама алғанға дейін тұрақты ілесіп жүру белгіленеді.

15. "Олимпиада қозғалысы" Олимпиада хартиясын басшылыққа алуға келісетіндерді және Халықаралық олимпиада комитетінің өкілеттігін танытындарды, атап айтқанда: Олимпиада ойындарының бағдарламасына енетін спорт түрлерінің халықаралық федерацияларын, ұлттық олимпиада комитеттерін, Олимпиада ойындарын ұйымдастырушы комитеттерін, спортшыларды, төрешілер мен арбитрларды, қауымдастықтар мен клубтарды, сондай-ақ Халықаралық олимпиада комитеті таныған барлық ұйымдар мен мекемелерді білдіреді.

16. "Жарыстан тыс" допинг-бақылау жарыстан тыс өткізілетін кез келген допинг-бақылауды білдіреді.

17. "Тыйым салынған тізім" тыйым салынған субстанциялар мен тыйым салынған әдістер көрсетілген, осы Конвенцияға 1-қосымшаға енгізілген тізімді білдіреді.

18. "Тыйым салынған әдіс" осы Конвенцияға I-қосымшаға енгізілген Тыйым салынған тізімде осындай әдіс ретінде белгіленген кез келген әдісті білдіреді.

19. "Тыйым салынған субстанция" осы Конвенцияға I-қосымшаға енгізілген Тыйым салынған тізімде осындай субстанция ретінде белгіленген кез келген субстанцияны білдіреді.

20. "Спорттық ұйым" спорттың бір немесе бірнеше түрінен спорттық іс-шараны өткізу ережелерін белгілейтін орган ретіндегі кез келген ұйымды білдіреді.

21. "Терапевтік пайдалануға рұқсат ету стандарттары" осы Конвенцияға II-қосымшаға енгізілген стандарттарды білдіреді.

22. "Тестілеу" ұғымы тестілеу жүргізуді жоспарлау, сынамалар алу, сынамаларды тұту және сынамаларды лабораторияларға тасымалдау кіретін допинг-бақылау процесінің бөлігін білдіреді.

23. "Терапевтік пайдалануға рұқсат ету" Терапевтік пайдалануға рұқсат беру стандарттарына сәйкес берілетін рұқсатты білдіреді.

24. "Пайдалану" кез келген тыйым салынған субстанцияны немесе тыйым салынған әдісті қолдануды, пероралдық енгізуді, инъекцияны немесе кез келген өзге тәсілмен қолдануды білдіреді.

25. "Дүниежүзілік допингке қарсы агенттік" (ДДҚА) швейцария заңнамасына сәйкес 1999 жылғы 10 қарашада құрылған осы атаудағы қорды білдіреді.

3-бап - Конвенцияның мақсаттарына қол жеткізу құралдары

Қатысушы мемлекеттер Конвенцияның мақсаттарына қол жеткізу үшін:

(а) Кодекс принциптеріне сәйкес ұлттық және халықаралық деңгейлерде тиісті шараларды қабылдауға;

(б) спортшыларды қорғауды қамтамасыз етуге, спортта этикалық принциптерді сақтауға және зерттеулер нәтижелерін бірлесіп пайдалануға бағытталған халықаралық ынтымақтастықтың барлық нысандарын көтермелеуге;

(с) қатысушы мемлекеттер мен спорттағы допингпен күрес саласындағы жетекші ұйымдар арасындағы, атап айтқанда Дүниежүзілік допингке қарсы агенттікпен халықаралық ынтымақтастыққа жәрдемдесуге міндеттенеді.

4-бап - Конвенцияның Кодекспен байланысы

1. Спорттағы допингпен күрес жөніндегі іс-қимылды ұлттық және халықаралық деңгейлерде үйлестіру мақсатында қатысушы мемлекеттер осы Конвенцияның 5-бабында көзделген шараларды қабылдау үшін негіз ретінде Кодекс принциптерін ұстануға міндеттенеді. Кодекске қосымша басқа да шаралар қабылдауға қатысушы-мемлекеттерге осы Конвенцияда ешнәрсе кедергі болмайды.

2. Кодекс пен 2 және 3-толықтырулардың ең соңғы нұсқалары мәлімет үшін беріледі және осы Конвенцияның ажырамас бөлігі болып табылмайды. Қатысушы мемлекеттер үшін толықтырулар өздігінен қандай да бір халықаралық-құқықтық міндеттемелер белгілемейді.

3. Қосымшалар осы Конвенцияның ажырамас бөлігі болып табылады.

5-бап - Конвенцияның міндеттерін шешу жөніндегі шаралар

Әрбір қатысушы мемлекет осы Конвенцияда жазылған міндеттемелерді орындай отырып, тиісті шараларды қабылдауға міндеттенеді. Оларға заңнама, нормативтік реттеу, саясат немесе әкімшілік практикасы саласындағы шаралар енгізілуі мүмкін.

6-бап - Басқа да халықаралық құжаттармен өзара байланыс

Осы Конвенция қатысушы мемлекеттердің осы Конвенцияның мәні мен мақсаттарына қайшы келмейтін, бұрын жасалған басқа да келісімдерге байланысты туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін өзгертпейді. Бұл басқа қатысушы мемлекеттердің осы Конвенция бойынша өздерінің құқықтарын жүзеге асыруын немесе міндеттемелерін орындауын қозғамайды.

II. Ұлттық деңгейдегі допингпен күрес жөніндегі қызмет

7-бап - Ел ішіндегі үйлестіру

Қатысушы мемлекеттер осы Конвенцияның қолданылуын, атап айтқанда, ел ішіндегі іс-қимылдарды үйлестіру жолымен қамтамасыз етеді. Осы Конвенцияға сәйкес өздерінің міндеттемелерін орындау үшін қатысушы мемлекеттер допингке қарсы ұйымдарды, сондай-ақ спорттық мекемелер мен ұйымдарды пайдалануы мүмкін.

8-бап - Тыйым салынған субстанциялар мен әдістердің қол жетімділігін және олардың спортта пайдаланылуын шектеу

1. Қатысушы мемлекеттер пайдаланылуы терапевтік пайдалануға арналған рұқсаттарға негізделген жағдайларды қоспағанда, спортшылардың тыйым салынған субстанциялар мен әдістерді, спортта пайдалануын шектеу мақсатында, орынды жағдайларда, олардың қол жетімділігін шектеу жөнінде шаралар қабылдайды. Олардың қатарына тыйым салынған субстанциялар мен әдістерді спортшылар арасында таратумен күрес жөніндегі шаралар және тиісінше, оларды өндірісін, жылжуын, әкелуін, бөлуді және сатуды бақылау жөніндегі шаралар енеді.

2. Қатысушы мемлекеттер спортшылардың спортта тыйым салынған субстанциялар мен әдістерді пайдалануына терапевтік пайдалануға рұқсат негізінде пайдаланылатын жағдайларды қоспағанда, оларды пайдалануы мен иеленуін болдырмау және шектеу жөнінде шаралар қабылдайды немесе орындылығына қарай өздерінің заңды құзырындағы тиісті заңды тұлғалардың мұндай шаралар қабылдауын көтермелейді.

3. Осы Конвенцияға сәйкес қабылданатын шаралар өзге жағдайларда спортта тыйым салынған немесе бақыланатын субстанциялар мен әдістердің заңды мақсаттарда қол жетімділігін қамтамасыз етуге ешбір кедергі болмайды.

9-бап - Спортшының қосалқы персоналына қатысты шаралар

Қатысушы мемлекеттер спортшының допингке қарсы күрес ережесін бұзған немесе спорттағы допингпен байланысты басқа да бұзушылыққа барған қосалқы персоналына қатысты шараларды өздері қабылдайды немесе спорттық ұйымдар мен допингке қарсы күрес ұйымдардың, оның ішінде санкция қолдануына немесе айыппұлдар салуына жәрдемдеседі.

10-бап - Тағамдық қоспалар

Қатысушы мемлекеттер, орынды болған жағдайда, тағамдық қоспалардың химиялық құрамы мен сапа кепілдігі туралы ақпарат ұсынуды қоса алғанда, оларды

өткізу мен тарату саласында өндірушілер мен таратушылардың алдыңғы қатарлы практиканың тағамдық қоспаларын енгізуіне жәрдемдеседі.

11-бап - Қаржылық шаралар

Қатысушы мемлекеттер, орынды болған жағдайда:

(а) өздерінің тиісті бюджеттері шеңберінде спорттың барлық түрлерінен ұлттық тестілеу бағдарламасын қаржыландыру үшін қаражат бөледі немесе спорттық ұйымдар мен допингке қарсы ұйымдарға допинг-бақылауды қаржыландыруға тікелей субсидиялар немесе дотациялар түрінде не осы ұйымдарға берілетін субсидиялар немесе дотациялардың жалпы сомасын белгілеу кезінде мұндай бақылау жөніндегі шығыстардың есебі нысанында көмек көрсетеді;

(b) допингке қарсы ережені бұзу салдарынан шеттетілген жекелеген спортшыларға немесе олардың қосалқы персоналына шеттетілудің барлық кезеңінде спорттық қызметке байланысты қаржылық қолдау көрсетуді тоқтату жөнінде шаралар қ а б ы л д а й д ы ;

(с) Кодексті немесе Кодекске сәйкес белгіленген қолданыстағы допингке қарсы ережелерді ұстанбайтын кез келген спорттық ұйымды немесе допингке қарсы ұйымды спорттық қызметпен байланысты қаржылық немесе басқа да қолдауды ішінара немесе толығымен тоқтатады.

12-бап - Допинг-бақылауға жәрдемдесу жөніндегі шаралар

Қатысушы мемлекеттер, орынды болған жағдайда:

(а) ескертпелі бақылауды, жарыстан тыс және жарыстық тестілеуді қоса алғанда, спорттық ұйымдар мен өздерінің заңды құзырындағы допингке қарсы күрес ұйымдарын Кодекске сәйкес допинг-бақылауды жүргізуін көтермелейді және қолдайды .

(b) спорттық ұйымдардың және допингке қарсы ұйымдардың қатысушыларына басқа елдердің допинг-бақылау жөніндегі уәкілетті топтарында тиісті түрде тестілеуден өтуіне мүмкіндік беретін келісімдер жасауын көтермелейді және қолдайды.

(с) өздерінің заңды құзырындағы спорттық ұйымдардың және допингке қарсы күрес ұйымдарының допинг-бақылау мақсатында талдаулар жүргізу үшін допинг-бақылаудың аккредиттелген лабораторияларына рұқсат алуына жәрдем көрсетуге міндеттенеді.

III. Халықаралық ынтымақтастық

13-бап - Допингке қарсы ұйымдар мен спорттық ұйымдар арасындағы ынтымақтастық

Қатысушы мемлекеттер осы Конвенцияның мақсаттарына халықаралық деңгейде қол жеткізу мүддесінде допингке қарсы ұйымдар, мемлекеттік органдар және олардың заңды құзырындағы спорттық ұйымдар және басқа қатысушы мемлекеттердің заңды құзырындағы осындай ұйымдар және органдар арасындағы ынтымақтастыққа жәрдемдеседі.

14-бап - Дүниежүзілік допингке қарсы агенттіктің миссиясын қолдау

Қатысушы мемлекеттер Дүниежүзілік допингке қарсы агенттікке оның допингке қарсы халықаралық күрес саласындағы маңызды миссиясын орындауда қолдау көрсетуге міндеттенеді.

15-бап - Дүниежүзілік допингке қарсы агенттікті тең үлесті қаржыландыру

Қатысушы мемлекеттер мемлекеттік органдар мен Олимпиадалық қозғалыстың Дүниежүзілік допингке қарсы агенттіктің бекітілген негізгі жылдық бюджетін тең үлесте қаржыландыру принципін қолдайды.

16-бап — Допинг-бақылау саласындағы халықаралық ынтымақтастық

Спорттағы допингке қарсы күрес спортшыларға алдын-ала хабарламай оларды тек тестілеу мен сынақтарды лабораторияларға өз уақытында тасымалдау қамтамасыз етілген жағдайда тиімді болатынын тани отырып, қатысушы мемлекеттер, осы орынды болған жағдайда және мемлекетшілік заңнамалары мен рәсімдеріне сәйкес:

(а) қабылдаушы елдер тиісті нормативтік ережелерді сақтаған жағдайда Дүниежүзілік допингке қарсы агенттікке және Кодекске сәйкес қызмет ететін допингке қарсы ұйымдарға өз спортшыларына өз аумағында және одан да тыс жерлерде жарыстық және жарыстан тыс допинг-бақылау жүргізуге жәрдем көрсетеді;

(b) допинг-бақылау бойынша іс-шаралар өткізу кезінде допинг-бақылаудың тиісті дәрежедегі уәкілетті топтарын шекарадан уақтылы өтуін қамтамасыз етуге жәрдем көрсетеді ;

(c) сынақтардың қауіпсіздігі мен сақталуын қамтамасыз ете отырып, оларды шекара арқылы уақтылы тасымалдауға немесе өткізуге жәрдем көрсету мақсатында ынтымақтасады ;

(d) әр түрлі допингке қарсы түрлі ұйымдар өткізетін допинг-бақылау жөніндегі

іс-шараларды халықаралық үйлестіруді қамтамасыз етуде көмек көрсетеді және осы мақсатта Дүниежүзілік допингке қарсы агенттікпен ынтымақтасады;

(е) өздерінің заңды құзырындағы допинг-бақылау лабораториялары мен басқа да қатысушы мемлекеттердің заңды құзырындағы тиісті лабораториялар арасындағы ынтымақтастықты дамытады. Атап айтқанда, аккредиттелген допинг-бақылау лабораториялары бар қатысушы мемлекеттер өздерінің заңды құзырындағы лабораториялары арқылы басқа қатысушы мемлекеттерге, олар ниет танытқан жағдайда, өздерінің дербес лабораторияларын құру үшін қажет тәжірибе мен дағдыларды үйренуге және қажетті әдіснаманы игеруге мүмкіндік беру үшін көмек көрсетеді;

(f) Кодекске сәйкес белгіленген допингке қарсы ұйымдар арасында өзара тестілеу туралы уағдаластықтарды жасасу мен іске асыруға жәрдемдеседі;

(g) өзаралық негізде допинг-бақылаудың рәсімдерін және Кодекске сәйкес кез-келген допингке қарсы ұйым қолданатын осыған байланысты спорттық санкцияларды қоса алғанда, тестілеуден кейінгі рәсімдерді мойындайды;

17-бап - Ерікті қор

1. Осымен бұдан әрі "Ерікті қор" деп аталатын "Спорттағы допингті жоюға арналған қор" құрылады. Ерікті қор ЮНЕСКО-ның қаржысы туралы ережеге сәйкес тартылатын нысаналы қаражатынан құрылады. Қатысушы мемлекеттердің, сондай-ақ басқа да қатысушылардың барлық жарналары ерікті сипатта болады.

2. Ерікті қордың қаражаты:

(a) қатысушы мемлекеттердің жарналарынан;

(b) жарналардан, қайырымдылықтардан немесе өсиет етілген мүліктен, оларды:

(i) басқа мемлекеттер;

(ii) Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесінің ұйымдары мен бағдарламалары, атап айтқанда Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы, сондай-ақ басқа да халықаралық ұйымдар;

(iii) мемлекеттік немесе жеке ұйымдар немесе жеке тұлғалар ұсынуы мүмкін.

(c) Ерікті қордың қаражатына аударылған кез келген пайыздардан;

(d) қайырымдылық науқаны шеңберінде Ерікті қордың пайдасына іс-шара алынған қаражаттан;

(e) Тараптар конференциясы әзірлейтін Ерікті қор туралы ережеде көзделген кез келген басқа қаражаттан тұрады.

3. Қатысушы-мемлекеттердің Ерікті қорға деген жарналары қатысушы мемлекеттердің Дүниежүзілік допингке қарсы агенттіктің жылдық бюджетіне өзінің үлесін төлеу жөніндегі міндеттемелері ретінде қаралмайды.

18-бап - Ерікті қордың қаражатын пайдалану және оларды басқару

Ерікті қордың қаражатын Тараптар конференциясы өзі бекіткен іс-шараларға, атап айтқанда осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес және Дүниежүзілік допингке қарсы агенттіктің мақсаттарын ескере отырып, допингке қарсы күрес бағдарламаларын әзірлеу мен жүзеге асыруда қатысушы мемлекеттерге көмектесуге бөледі, сондай-ақ осы Конвенцияны жүзеге асыруға байланысты шығыстардың орнын жабуға пайдаланылуы мүмкін. Ерікті қорға деген жарналардың қандай да бір саяси, экономикалық немесе өзге де шарттармен байланыстырылуы мүмкін емес.

IV. Білім және даярлау

19-бап — Білім мен даярлаудың жалпы принциптері

1. Қатысушы мемлекеттер өздерінің қаражаты шеңберінде допингке қарсы күрес мәселелері бойынша білім беру мен дайындық бағдарламаларын қолдауға, әзірлеуге немесе жүзеге асыруға міндеттенеді. Тұтастай алғанда спорт қоғамдастығы үшін бұл бағдарламалар мынадай мәселелер бойынша жаңаланған және нақтыланған ақпарат беруге бағытталуға тиіс:

- (a) допингтің спорттың этикалық құндылықтарына келтіретін зияны;
- (b) допингті қолданудың денсаулық үшін салдары.

2. Спортшылар мен олардың қосалқы персоналы үшін, әсіресе дайындықтың бастапқы кезеңінде бұл бағдарламалар мынадай мәселелер бойынша жаңаланған және нақтыланған ақпараттар беру үшін бағытталуға тиіс:

- (a) допинг-бақылау рәсімдері;
- (b) тиісті спорт ұйымдары мен допингке қарсы ұйымдардың допингке қарсы күрес саясаты мен Кодекс туралы, оның ішінде допингке қарсы күрес ережелерін бұзудың салдары туралы ақпаратты қоса алғанда, допингке қарсы күреске байланысты спортшылардың құқықтары мен міндеттері;
- (c) тыйым салынған субстанциялар мен әдістердің, сондай-ақ тыйым салынған субстанцияларды терапевтік пайдалануға рұқсаттардың тізімі;
- (d) тағамдық қоспалар.

20-бап - Мінез-құлықтың кәсіби кодекстері

Қатысушы мемлекеттер тиісті құзырлы кәсіби қауымдастықтардың және мекемелердің, Кодекске сәйкес келетін спорттағы допингпен күреске қатысты

мінез-құлық, шынайы практика мен этиканың тиісті дәрежедегі кодекстерін әзірлеуін және жүзеге асыруын көтермелейді.

21-бап — Спортшыларды және спортшылардың қосалқы персоналын тарту

Қатысушы мемлекеттер спорттық және басқа да тиісті ұйымдардың допингке қарсы қызметінің барлық аспектілеріне спортшылардың және спортшылардың қосалқы персоналының белсенді қатысуына ықпал етеді және өз қаражаты шеңберінде жәрдем көрсетеді, бұған өзінің заңды құзырындағы спорттық ұйымдарды тартады.

22-бап - Спорттық ұйымдар және допингпен күрес мәселелері жөніндегі тұрақты негіздегі білім берумен даярлау

Қатысушы мемлекеттер спорттық ұйымдар мен допингке қарсы ұйымдардың тұрақты негізде барлық спортшылар мен спортшылардың қосалқы персоналына 19-бапта көрсетілген мәселелер бойынша білім беру мен даярлау бағдарламаларын жүзеге асыруға жәрдемдеседі.

23-бап - Білім беру мен даярлау саласындағы ынтымақтастық

Қатысушы мемлекеттер бір-бірімен және тиісті ұйымдармен қажет болған жағдайда ақпаратпен, мамандармен және тиімді допингке қарсы бағдарламаларды жүзеге асыру мәселелері бойынша тәжірибемен алмасу мақсатында ынтымақтасады.

V. Зерттеулер

24-бап - Допингпен күрес мәселелері бойынша зерттеулер жүргізуге жәрдемдесу

Қатысушы мемлекеттер өздеріндегі бар қаражат шеңберінде мынадай мәселелер бойынша спорттық және басқа да тиісті ұйымдармен допингке қарсы зерттеулер жүргізуге ықпал етуге және жәрдемдесуге міндеттенеді:

(a) допинг пайдалануды болдырмау және оны анықтау тәсілдері, мінез-құлықтық және әлеуметтік салдары, сондай-ақ допингті пайдаланудан денсаулыққа келетін з и я н д ы э с е р л е р ;

(b) спортшылардың денсаулығына зиян тигізбейтін физиологиялық және психологиялық дайындықтың ғылыми негізделген бағдарламаларын әзірлеудің ж о л д а р ы м е н к ұ р а л д а р ы ;

(с) ғылыми прогресстің нәтижесі болып табылатын барлық жаңа субстанциялар мен әдістерді қолдану.

25-бап - Допингке қарсы зерттеулердің сипаты

24-бапта көрсетілген допингке қарсы зерттеулер жүргізуге жәрдемдесу кезінде қатысушы мемлекеттер осы зерттеулердің мына жағдайда:

- (а) халықаралық деңгейде танылған әдеп практикасына сәйкес;
- (b) спортшыларға тыйым салынған субстанциялар егуді және тыйым салынған әдістерді қолдануды болдырмай отырып;
- (с) допингке қарсы зерттеулер мен оларды допингтік мақсатта пайдалану нәтижесін заңсыз қолдануды болдырмау мақсатында тек тиісті дәрежедегі сақтық шараларын сақтай отырып жүргізілуін қамтамасыз етеді.

26-бап - Допингке қарсы зерттеулердің нәтижелерін бірлесіп пайдалану

Қатысушы мемлекеттер тиісті ұлттық заңнаманы және халықаралық құқықты сақтау шартымен бұл орынды болған жағдайда, басқа қатысушы мемлекеттер және Дүниежүзілік допингке қарсы агенттікпен жүргізілген допингке қарсы зерттеулердің нәтижелерімен алмасады.

27-бап - Спорт саласындағы ғылыми зерттеулер

Қ а т ы с у ш ы м е м л е к е т т е р :

- (а) Кодекс принциптеріне сәйкес ғылыми және медициналық қызметкерлердің спорт саласында ғылыми зерттеулер жүргізуіне;
- (b) өздерінің заңды құзырындағы спорттық ұйымдардың және спортшылардың қосалқы персоналының Кодекс принциптеріне сәйкес спорт саласында ғылыми зерттеулер жүргізуіне жәрдемдеседі.

VI. Конвенцияның мониторингі

28-бап - Тараптар конференциясы

1. Осы арқылы Тараптар конференциясы бекітіледі. Тараптар конференциясы осы Конвенцияның жоғарғы органы болып табылады.

2. Тараптар конференциясының кезекті сессиялары, әдетте, екі жылда бір рет өткізіледі. Тараптар конференциясы, егер ол тиісті шешім қабылдаса немесе оған қатысушы мемлекеттердің үштен бірі сондай өтініш білдірсе, кезектен тыс сессиялар

3. Тараптар конференциясында әрбір қатысушы мемлекет бір дауысқа ие болады.
4. Тараптар конференциясы өзінің Рәсімдер ережесін бекітеді.

29-бап - Тараптар конференцияларындағы консультативтік ұйым мен бақылаушылар

Дүниежүзілік допингке қарсы агенттік Тараптар конференциясына консультативтік ұйым ретінде шақырылады. Халықаралық олимпиада комитеті, Халықаралық паралимпиялық комитет, Еуропалық кеңес және Дене тәрбиесі және спорт жөніндегі Үкіметаралық комитет (СИГЕПС) бақылаушылар ретінде шақырылады. Тараптар конференциясы басқа да тиісті ұйымдарды бақылаушылар ретінде шақыру туралы шешім қабылдауы мүмкін.

30-бап — Тараптар конференциясының функциялары

1. Осы Конвенцияның басқа ережелерінде баяндалғаннан басқа, Тараптар конференциясының мынадай функциялары бар:
 - (a) осы Конвенцияның мақсатына жетуге жәрдемдесу;
 - (b) Дүниежүзілік допингке қарсы агенттікпен өзара қарым-қатынас мәселелерін талқылау және Агенттіктің негізгі жылдық бюджетін қаржыландыру тетіктерін зерделеу. Конвенцияның тарабы болып табылмайтын мемлекеттерге осы талқылауға қатысу ұсынысы жасалуы мүмкін;
 - (c) 18-бапқа сәйкес Ерікті қор қаражатын пайдалану жоспарын бекіту;
 - (d) 31-бапқа сәйкес қатысушы мемлекеттер ұсынатын баяндамаларды қарау;
 - (e) 31-бапқа сәйкес допингке қарсы жүйені әзірлеу тұрғысында осы Конвенцияны сақтау мониторингінің нәтижелерін тұрақты негізде қарау. 31-баптың шеңберінен шығатын кез келген мониторинг тетіктері немесе шаралар 17-бапқа сәйкес құрылатын Ерікті қордың қаражатынан қаржыландырылатын болады;
 - (f) оларды кейіннен қабылдау үшін осы Конвенцияға түзетулерді қарау;
 - (g) оларды 34-бапқа сәйкес бекіту үшін, Дүниежүзілік допингке қарсы агенттік қабылдаған Тыйым салынған тізімге және Тыйым салынған субстанцияларды терапевтік пайдалануға рұқсат берудің стандарттарына түзетулерді қарау;
 - (h) қатысушы мемлекеттер мен Дүниежүзілік допингке қарсы агенттік арасында осы Конвенция шеңберіндегі ынтымақтастықтың бағыттары мен тетіктерін айқындау;
 - (i) әрбір сессияда оны қарау үшін Дүниежүзілік допингке қарсы агенттікке Кодекстің жүзеге асырылуы туралы баяндама ұсыну туралы өтініш жіберу.
2. Тараптар конференциясы өз функцияларын орындау кезінде басқа да үкіметаралық органдармен өзара іс-қимыл жасауы мүмкін.

31-бап - Қатысушы мемлекеттердің Тараптар конференциясына ұсынатын баяндамалары

Қатысушы мемлекеттер екі жылда бір рет Тараптар конференциясына Хатшылық арқылы ЮНЕСКО-ның ресми тілдерінің бірінде осы Конвенцияның ережелерін орындау мақсатында өздері қабылдаған шаралар туралы барлық тиісті ақпаратты береді.

32-бап - Тараптар конференциясының Хатшылығы

1. ЮНЕСКО-ның Бас директоры Тараптар конференциясының Хатшылығын қ а м т а м а с ы з е т е д і .

2. Тараптар конференциясының өтініші бойынша ЮНЕСКО-ның Бас директоры Тараптар конференциясымен келісілген шарттарда Дүниежүзілік допингке қарсы агенттіктің қызметін барынша ықтимал мүмкін көлемінде пайдаланады.

3. Конвенциямен байланысты шұғыл шығыстар 17-бапқа сәйкес құрылатын Ерікті қордан тиісті деңгейдегі қаражат шеңберінде ЮНЕСКО-ның кәдімгі бюджетінен немесе әрбір екі жылда айқындалатын олардың тиісті қосылуынан қаржыландырылады . Кәдімгі бюджет қаражаты есебінен Хатшылықты қаржыландыру қатаң түрде аз көлемде, бұл ретте Конвенцияны қолдау үшін ерікті түрде қаржыландыру жүзеге асырылатын болған жағдайда, жүргізіледі.

4. Хатшылық Тараптар конференциясы үшін құжаттама және оның алдын ала отырыстарының күн тәртібін дайындайды, сондай-ақ оның шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді.

33-бап - Конвенцияға түзетулер енгізу

1. Кез келген қатысушы мемлекет ЮНЕСКО-ның Бас директорының атына жазбаша хабарлама арқылы осы Конвенцияға түзетулер ұсына алады. Бас директор ондай хабарламаны барлық қатысушы мемлекеттерге жолдайды. Егер хабарлама жолданған уақыттан бастап алты ай ішінде қатысушы мемлекеттердің кемінде жартысы өзінің келісімі туралы хабарласа, онда Бас директор мұндай ұсынысты Тараптар конференциясының келесі сессиясына ұсынады.

2. Түзетулер Тараптар конференциясында оған қатысқан және дауыс беруге қатысқан қатысушы мемлекеттердің үштен екі көпшілік дауыспен қабылданады.

3. Осы Конвенцияға түзетулер қабылданғаннан кейін, олар ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу үшін қатысушы мемлекеттерге жіберіледі.

4. Осы Конвенцияға түзетулерді ратификациялаған, қабылдаған, бекіткен немесе оған қосылған қатысушы мемлекеттерге қатысты олар, осы баптың 3-тармағында көрсетілген құжаттарды қатысушы мемлекеттердің үштен екісі сақтауға тапсырған

күннен бастап үш ай өткеннен кейін күшіне енеді. Кейіннен оны ратификациялайтын, қабылдайтын, бекітетін немесе оған қосылатын әрбір қатысушы мемлекет үшін сол қатысушы мемлекет ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қайта қосылу туралы құжатты сақтауға берген күннен бастап үш ай өткен соң аталған түзету күшіне енеді.

5. Осы Конвенцияға қатысушы болатын мемлекет осы баптың 4-тармағына сәйкес түзетулер күшіне енгеннен кейін, өзінің басқа ниетін білдірмесе:

(a) осылайша оған енгізілген түзетулермен осы Конвенцияның қатысушысы;

(b) түзетулердің қолданысымен байланысты емес кез келген қатысушы мемлекетке қатысты, оған енгізілмеген түзетулерсіз осы Конвенцияның қатысушысы болып саналады.

34-бап - Конвенцияға қосымшаларға түзетулер қабылдаудың ерекше тәртібі

1. Егер Дүниежүзілік допингке қарсы агенттік Тыйым салынған тізімге немесе Терапевтік қолдануға рұқсат беру стандарттарына өзгерістер енгізсе, онда ол ЮНЕСКО-ның Бас директоры атына жазбаша түрде сол өзгерістер туралы хабарлауы мүмкін. Бас директор Конвенцияның тиісті қосымшаларына енгізілетін түзетулер ретінде ол өзгерістер туралы барлық қатысушы мемлекеттерді шұғыл түрде хабардар етеді. Қосымшаларға түзетулерді Тараптар конференциясы өздерінің сессиясының бірінде немесе жазбаша консультация арқылы бекітеді.

2. Бас директордың хабардар еткен күнінен бастап қатысушы мемлекеттердің ұсынылып отырған түзетуге қатысты өзінің қарсылығы туралы мәлімдеу үшін, егер әңгіме жазбаша консультация туралы болса, Бас директордың атына, жазбаша хабарлама жіберуіне не Тараптар конференциясының сессиясында білдіруіне 45 күні бар. Егер қатысушы мемлекеттердің үштен екісі өздерінің қарсылығы туралы білдірмесе, ұсынылған түзетулер Тараптар конференциясында қабылданды деп е с е п т е л е д і .

3. Бас директор қатысушы мемлекеттерді Тараптар конференциясы қабылдаған түзетулер туралы хабардар етеді. Бұл түзетулер хабардар ету күнінен бастап 45 күннен кейін күшіне енеді, бірақ Бас директорға өзінің бұл түзетулерді қабылдамайтындығын күні бұрын хабардар еткен қатысушы мемлекеттерге қатысы болмайды.

4. Алдыңғы тармақтарға сәйкес бекітілген түзетулерді қабылдамайтындығы туралы Бас директорға хабарлаған қатысушы мемлекет оларға енгізілмеген түзетулерсіз қосымшаны қолдана береді

VII. Қорытынды ережелер

35-бап - Федеральдық немесе унитарлы емес конституциялық жүйелер

Федеральдық немесе унитарлы емес конституциялық жүйесі бар қатысушы мемлекеттерге қатысты мынадай ережелер қолданылады:

(а) құқықтық заңды тұрғыда федеральдық немесе орталық заңнамалық органдары орындайтын осы Конвенцияның ережесіне қатысты федеральдық немесе орталық үкімет федеративті мемлекеттер болып саналмайтын қатысушы мемлекеттер сияқты міндеттерді атқарады;

(б) орындалуы федерацияның конституциялық жүйесіне сәйкес заңнамалық шаралар қабылдауға міндетті емес мемлекеттің құрамына кіретін жекелеген штаттардың, облыстардың, провинциялар немесе кантондардың заңды құзырына қарайтын осы Конвенция ережелеріне қатысты, федералдық үкімет көрсетілген ережелерді қабылдауға қатысты өз ұсыныстары туралы сол штаттардың, облыстардың, провинциялар мен кантондардың құзырлы билік органдарын хабардар етеді.

36-бап - Ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу

Осы Конвенция ЮНЕСКО-ға қатысушы мемлекеттердің тиісті конституциялық рәсімдеріне сәйкес олардың ратификациялауына, қабылдауына, бекітуіне немесе қосылуына жатады. Ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы құжаттар ЮНЕСКО-ның Бас директорына сақтау үшін тапсырылады.

37-бап - Күшіне ену

1. Осы Конвенция ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы отызыншы құжаттың сақтауға берілген күнінен бастап бір ай өткеннен кейінгі айдың бірінші күнінен бастап күшіне енеді.

2. Осы Конвенция бойынша өзіне міндеттемелер алуға өзінің келісімі туралы білдіретін кез-келген мемлекет үшін ол ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы құжатты сақтауға берілген күнінен бастап бір ай кезең өткен соң айдың бірінші күнінен бастап күшіне енеді.

38-бап - Конвенцияның қолданылуын аумақтарға тарату

1. Ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы құжатты сақтауға бере отырып, кез келген мемлекет халықаралық қатынастар үшін өзі жауап беретін және осы Конвенцияның әрекеті қолданылатын аумақты немесе аумақтарды көрсете алады.

2. Кез келген қатысушы мемлекет ЮНЕСКО-ның атына жіберілген мәлімдеменің соңында осы Конвенцияның қолданысын сол мәлімдемеде көрсетілген кез келген басқа

аумаққа таратуы мүмкін. Конвенция осындай аумаққа қатысты депозитарий сондай хабарламаны алған күннен бір ай кезең өткен соңғы айдың бірінші күнінен бастап күшіне енеді.

3. Алдыңғы екі тармаққа сәйкес жасалған кез келген мәлімдеме сондай өтініште көрсетілген кез келген аумаққа қатысты ЮНЕСКО-ның атына хабарлама жіберу арқылы қайтарып алынуы мүмкін. Мұндай қайтарып алу депозитарий сондай хабарламаны алған күннен бір ай кезең өткен соңғы айдың бірінші күнінен бастап күшіне енеді.

39-бап - Денонсация

Кез келген қатысушы мемлекет осы Конвенцияның күшін жоя алады. Күшін жою туралы ЮНЕСКО-ның Бас директорына сақтауға тапсырылатын құжаттың жазбаша нысанында хабарланады. Күшін жою туралы құжатты алған күннен бастап алты ай кезең өткен соң айдың бірінші күнінен бастап күшін жою күшіне енеді. Конвенциядан шығу күшіне енген күнге дейін ол тиісті қатысушы мемлекеттің қаржылық міндеттемелеріне ешқандай әсер етпейді.

40-бап - Депозитарий

ЮНЕСКО-ның Бас директоры осы Конвенцияның және оған енгізілетін түзетулердің депозитарийі болып табылады. ЮНЕСКО-ның Бас директоры депозитарий ретінде осы Конвенцияға қатысушы мемлекеттерді, сондай-ақ Ұйымға мүше басқа мемлекеттерді:

- (a) ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы кез келген құжатты сақтауға беру;
- (b) 37-бапқа сәйкес осы Конвенцияның күшіне енген күні;
- (c) 31-баптың ережесіне сәйкес дайындалған кез келген баяндама;
- (d) Конвенцияға немесе 33 және 34-баптарға сәйкес қабылданған қосымшаларға кез келген түзету және сол түзетулердің қолданысқа енген күні;
- (e) 38-баптың ережелеріне сәйкес ұсынылған кез келген мәлімдеме немесе хабарлама;
- (f) 39-баптың ережелеріне сәйкес ұсынылған кез келген хабарлама және күшін жоюдың күшіне енген күні;
- (g) осы Конвенцияға байланысты кез келген басқа акті, хабарлама немесе мәлімдеме туралы хабардар етеді.

41-бап - Тіркеу

Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабына сәйкес осы Конвенцияны ЮНЕСКО-ның Бас директорының өтініші бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Хатшылығы тіркейді.

42-бап — Тең түпнұсқалы мәтіндер

1. Осы Конвенция, оған қосымшаларды қоса алғанда, ағылшын, араб, испан, қытай, орыс және француз тілдерінде жасалды, әрі, барлық алты мәтін тең түпнұсқалы болып т а б ы л а д ы .

2. Осы Конвенцияға толықтырулар ағылшын, араб, испан, қытай, орыс және француз тілдерінде жасалды.

43-бап - Ескертпелер

Осы Конвенцияның мәнімен және мақсатымен сыйыспайтын қандай да бір ескертпелерге жол берілмейді.

I қосымша - Тыйым салынған тізім - халықаралық стандарт

II қосымша - Терапевтік пайдалануға рұқсат беру стандарттары

1 -толықтыру - Дүниежүзілік допингке қарсы кодекс

2-толықтыру - Лабораториялар үшін халықаралық стандарт

3-толықтыру - Тестілеудің халықаралық стандарты

I ҚОСЫМША

**Д ү н и е ж ү з і л і к
д о п и н г к е
күрес агенттігі**

қ а р с ы

Дүниежүзілік допингке қарсы күрес кодексі ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ТІЗІМ 2008 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТ

Осы тізім 2008 жылғы 1 қаңтарда күшіне енеді

ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ТІЗІМ 2008 ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ДОПИНГКЕ ҚАРСЫ КҮРЕС КОДЕКСІ

2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады

Кез келген дәрі-дәрмекті пайдалану медициналық көрсеткіштер бойынша жүзеге асырылуы тиіс.

ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН СУБСТАНЦИЯЛАР

S1. АНАБОЛИЯЛЫҚ АГЕНТТЕР

Анаболиялық агенттерге тыйым салынады.

S1.1. Анаболиялық андрогендік стероидтер (AAS)

(а) Экзогендік* AAS, мыналарды қоса алғанда:

1-андростендиол (5а-андрост-1-ен-3b,17(3-диол); **1-андростендион** (5а-андрост-1-ен-3,17-дион); **боландиол** (19-норандростендиол); **боластерон**; **болденон**; **болдион** (андроста-1,4-диен-3,17-дион); **калюстерон**; **кlostебол**; **даназол** (17а-этинил-17b-гидроксиандрост-4-ено[2,3-d]изоксазол); **дегидрохлорметилтестостерон** (4-хлоро-17b-гидрокси-17а-метиландроста-1,4-диен-3-он); **дезоксиметилтестостерон** (17а-метил-5а-андрост-2-ен-17b-ол); **дростанолон**; **этилэстренол** (19-нор-17а-прегн-4-ен-17-ол); **флюоксиместерон**; **формеболон**; **фюразабол** (17b-гидрокси-17а-метил-5а-андростано-[2,3-с]-фюразан); **гестринон**; **4-гидрокситестостерон** (4,17b-дигидроксиандрост-4-ен-3-он); **местанолон**; **местеролон**; **метенолон**; **метандиенон** (17b-гидрокси-17а-метиландроста-1,4-диен-3-он); **метандриол**; **метастерон** (2а, 17а-диметил-5а-андростан-3-он-17b-ол); **метилдиенолон** (17b-гидрокси-17а-метилэстра-4,9-диен-3-он); **метил-1-тестостерон** (17b-гидрокси-17а-метил-5а-андрост-1-ен-3-он); **метилнортестостерон** (17b-гидрокси-17а-метилэстр-4-ен-3-он); **метилтриенолон** (17b-гидрокси-17а-метилэстра-4,9,11-триен-3-он); **метилтестостерон**; **миболерон**; **нандролон**; **19-норандростендион** (эстр-4-ен-3,17-дион); **норболетон**; **норкlostебол**; **норэтандролон**; **оксаболон**; **оксандролон**; **оксимэстерон**; **оксимэтолон**; **простанозол** ([3,2-с] пиразол-5а-этиоаллохолан-17b-тетрагидропиранол); **кинболон**; **станозолол**; **стенболон**; **1-тестостерон** (17b-гидрокси-5а-андрост-1-ен-3-он); **тетрагидрогестринон** (18а-гомо-прегна-4,9,11-триен-17b-ол-3-он); **тренболон** және химиялық құрылымы жағынан немесе биологиялық әсер етуі жағынан ұқсас басқа да субстанциялар.

(b) Эндогендік ** AAS :

андростендиол (андрост-5-ен-3b, 17b-диол), **андростендион** (андрост-4-ен-3,17-дион), **дигидротестостерон** (17b-гидрокси-5а-андростан-3-он); **прастерон** (дегидроэпиандростерон, ОНЕА), **тестостерон**, сондай-ақ мынадай метаболиттер мен изомерлер:

5а-андростан-3а, 17а-диол; **5а-андростан-3а, 17b-диол**; **5а-андростан-3b, 17а-диол**; **5а-андростан-3b, 17b-диол**; **андрост-4-ен-3а, 17а-диол**; **андрост-4-ен-3а, 17b-диол**; **андрост-4-ен-3b, 17а-диол**; **андрост-5-ен-3а, 17а-диол**; **андрост-5-ен-3а, 17b-диол**; **андрост-5-ен-3b, 17а-диол**; **4-андростендиол** (андрост-4-ен-3b, 17b-диол); **5-**

андростендион (андрост-5-ен-3,17-дион), **эпидигидротестостерон**; **3а-гидрокси-5а-андростан-17-он**; **3б-гидрокси-5а-андростан-17-он**; **19-норандростерон**; **19-норэтиохоланолон**.

Егер қандай да бір анаболиялық андрогендік стероидтерді ағзаның өзі қорыта алса, онда сынақтың құрамында осындай тыйым салынған субстанция бар болып саналады және осындай тыйым салынған субстанциялардың концентрациясы немесе олардың метаболиттерінің, не маркерлерінің концентрациясы және/немесе спортшының сынағындағы олардың тиісті арақатынасы адамдар үшін кәдімгі болып табылатын нормалардың мөлшері шегінен шықса және ағзаның кәдімгі эндогендік қорытуына сәйкес келмеген жағдайларда, талдау нәтижесі жағымсыз екендігі туралы хабарланады. Егер спортшы тыйым салынған субстанцияның концентрациясы немесе олардың метаболиттері, не маркерлердің және/немесе спортшының сынағындағы олардың тиісті арақатынасы оның патологиялық немесе физиологиялық жай-күйіне әсер ететініне дәлелдер келтірсе, сынақ құрамында тыйым салынған субстанция бар болып с а н а л м а й д ы .

Барлық жағдайларда және кез келген концентрацияларда спортшының сынағында тыйым салынған субстанция бар болып саналады, егер кез келген сенімді әдісті (мысалы, IRMS) негізге ала отырып, зертхана жағымсыз талдау нәтижесі туралы хабарласа, ол тыйым салынған субстанцияның экзоген сипатта екенін дәлелдей алады. Мұндай жағдайда одан әрі тексеру жүргізудің қажеті жоқ.

Адамдар үшін кәдімгі болып табылатын норма мөлшерінен концентрацияның ауытқуы болмаса және кез келген сенімді әдісті қолдану нәтижесінде (мысалы, IRMS), субстанцияның экзоген тектес екені анықталмаса, бірақ бұл ретте эндогендік стероидтік көріністерді салыстыру негізінде тыйым салынған субстанцияны пайдаланудың орын алуы мүмкін деп болжам жасауға болатын негіздер болады немесе зертхана тестеронның эпитестостеронға 1-ге 4-тен астам қатынасы туралы хабарласа, ал кез келген сенімді әдісті қолдану (мысалы, IRMS) субстанцияның экзоген тектес екенін анықтауға мүмкіндік бермейді, тиісті допингке қарсы күрес ұйымы кез келген алдыңғы тестілердің нәтижесін зерделеу немесе бұдан кейін тестілеу жүргізу арқылы т е к с е р у л е р жү р г і з е д і .

Мұндай қосымша тексеру талап етілгенде, зертхана нәтижелерді жағымсыз ретінде емес, үлгілік емес деп хабарлайды. Егер қосымша сенімді әдісті қолдану нәтижесінде (мысалы, IRMS) зертхана тыйым салынған субстанция экзоген тектес екенін хабарласа, бұдан әрі тексеру өткізудің қажеттілігі жоқ және сынақтың құрамында осындай тыйым салынған субстанция бар болып саналады.

Егер талдаудың қосымша сенімді әдісі қолданылмаса (мысалы, IRMS) және кем дегенде алдыңғы үш тесттің нәтижелері болмаса, онда тиісті допингке қарсы күрес ұйымы үш ай мерзім кезеңінде алдын ала хабарлаусыз үш тест өткізу арқылы сол уақытқа спортшының стероидтік көрінісі айқындалады. Сол уақытқа стероидтік

көріністі зерделеуге әкеп соққан нәтижелер үлгілік емес болып хабарланады. Егер сол кезең ішінде кейінгі тестілердің бірқатары негізінде айқындалатын спортшының стероидтік көрінісі физиологиялық қалыпты болып табылмаса, онда талдаудың жағымсыз нәтижесі туралы хабарланады.

Өте сирек жекелеген жағдайларда зәрдің құрамында өте төмен концентрациялардағы бір миллилитрге (нг/мл) бірнеше нанограммнан эндоген тектес болденон жүйелі түрде табылуы мүмкін. Егер зертхана осындай болденонның төмен концентрациясы туралы хабарласа, ал сенімді талдау әдісін қолдану (мысалы, IRMS) экзоген тектес субстанцияларды айқындауға мүмкіндік бермесе, онда кейінгі тестілеулер өткізу негізінде бұдан әрі тексерулер жүргізілуі мүмкін.

Зертхана талдаудың жағымсыз нәтижесі туралы хабарлағанда, 19-норандростерон сияқты субстанцияның бар екені ескертілсе, экзоген тектес тыйым салынған субстанцияның ғылыми және негізделген дәлелі ретінде қаралады. Мұндай жағдайда бұдан әрі тексеру жүргізудің қажеті жоқ.

Тексеру жүргізу барысында спортшы ынтымақтасудан бас тартқан жағдайда, спортшы сынағының құрамында тыйым салынған субстанция бар болып саналады.

S 1.2. Басқа да анаболиялық агенттер (тізім түпкілікті болып табылмайды)

Кленбутерол, андрогендік рецепторлардың іріктелген модуляторлары (SARMs), тиболон, зеранол, зилпатерол.

<i>О с ы</i>	<i>б ө л і м д е г і :</i>
<i>*"экзогендік" субстанциялар ағза қорыта алмайтын субстанцияларды білдіреді;</i>	
<i>**"эндогендік" субстанциялар ағза қорыта алатын субстанцияларды білдіреді.</i>	

S2. ГОРМОНДАР ЖӘНЕ ОЛАРҒА ЖАТАТЫН СУБСТАНЦИЯЛАР

Мынадай субстанцияларға және олардың релизинг-факторларына тыйым салынады:

- 1 . эритропоэтин (ЭПО);**
 - 2. өсу гормоны (hGH), өсудің инсулинге ұқсас факторлары (мысалы, ИФР-1), өсудің механикалық факторлары (МФР);**
 - 3. гонадотропиндер (мысалы, ЛГ, ХГЧ) тек ерлер үшін тыйым салынған;**
 - 4 . инсулиндер ;**
 - 5 . кортикотропиндер ;**
- және химиялық құрылымы жағынан немесе биологиялық әсер етуі жағынан басқа да ұ қ с а с с у б с т а н ц и я л а р .

Егер спортшы концентрация физиологиялық немесе патологиялық жағдайдан туындағанын дәлелдемесе, онда сынақтың құрамында жоғарыда келтірілген тізімде көрсетілген тыйым салынған субстанциялардың біреуі бар болып саналады, тыйым

салынған субстанцияның немесе оның метаболиттерінің не маркерлерінің концентрациясы және/немесе олардың тиісті арақатынасы спортшының сынағында адамдар үшін кәдімгі болып табылатын нормалардан асып түссе, ағзаның кәдімгі эндогендік қорытуына сәйкес келуі мүмкін емес.

Егер зертхана сенімді әдісті қолдану нәтижесінде тыйым салынған субстанцияның экзоген тектес екенін хабарласа, сынақтың құрамында тыйым салынған субстанция бар болып саналады және талдаудың жағымсыз нәтижесі туралы хабарланады.

S3. БЕТА-2 АГОНИСТЕР

D- және L- изомерлерін қоса алғанда, барлық бета-2 агонистерге тыйым салынады.

Ингаляция арқылы қолданғанда, формотеролге, сальбутамолге, сальметеролге және тербуталинге тыйым салынбайды; бұл ретте терапевтік пайдалануға оңайлатылған процедура бойынша рұқсат алу талап етіледі.

Спортшының терапевтік пайдалануға рұқсат алғанына қарамастан, спортшы осы нәтиже сальбутамол ингаляциясын терапевтік пайдалану салдары болып табылатынын дәлелдейтін жағдайларды қоспағанда, 1000 нг/мл-ден асатын сальбутамолдың концентрациясы (глюкуронидпен бірге еркін) талдаудың жағымсыз нәтижесі болып саналады.

S4. ГОРМОНДЫҚ АНТАГОНИСТЕР ЖӘНЕ МОДУЛЯТОРЛАР

Мынадай сыныптарға тыйым салынған:

1. **анастрозол, летрозол, аминоглютетимид, экземестан, форместан, тестолактон және т.б. қоса алғанда, ароматаза ингибиторлары;**
2. **ралоксифен, тамоксифен, торемифен және т.б. қоса алғанда, эстрогендік рецепторлардың іріктелген модуляторлары (SERMs);**
3. **кломифен, циклофенил, фулвестрант және т.б. қоса алғанда, экстрогенге қарсы басқа субстанциялар;**
4. **миостатинаның ингибиторларын қоса алғанда, миостатиннің функцияларын өзгертетін агенттер.**

S5. ДИУРЕТИКТЕР ЖӘНЕ БАСҚА ДА БҮРКЕМЕЛЕУ ЗАТТАРЫ

Бүркемелеу агенттеріне тыйым салынады. Олар мыналарды қамтиды: диуретиктер*, эпитестостерон, пробенецид, альфа-редуктазаның ингибиторлары (мысалы, финастерид, дутастерид) плазманы алмастырғыштар (мысалы, альбумин, декстран, гидроксипропил крахмал) және биологиялық әсер етуі жағынан ұқсас басқа да субстанциялар.

Диуретиктер:

ацетазоламид, амилорид, буметанид, канренон, хлорталидон, этакриникалық қышқыл, фуросемид, индапамид, метолазон, спиронолактон, тиазидтер (мысалы, бендрофлюметиазид, хлоротиазид, гидрохлоротиазид), триамтерен, сондай-ақ химиялық құрылымы және биологиялық әсер етуі жағынан ұқсас басқа да субстанциялар (тыйым салынбаған дросперинонды қоспағанда).

* Егер спортшының зәрінде тыйым салынған субстанцияның шекті немесе субшекті деңгейімен қатар диуретик болса, тыйым салынған субстанцияларды терапевтік пайдалануға берілген рұқсат жарамсыз болып табылады.

ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ӘДІСТЕР

М1. ОТТЕГІН ТАСЫМАЛДАУДЫ КҮШЕЙТУ

М ы н а д а й :

1. аутологиялық, гомологиялық немесе гетерологиялық қан өнімдерін немесе кез келген тектес қызыл қан жасушаларын пайдалануды қоса алғанда қан допингі,

2. қанның оттегін жұту, тасымалдау және жеткізу қабілетін жасанды жолмен арттыруға, атап айтқанда, перфторирлеу, эфапроксиралды (RSR13) және гемоглобин негізінде түрлендіру өнімдерін пайдалану арқылы (мысалы, гемоглобин, микрокапсулалардағы гемоглобиндік өнімдер негізінде қан алмастырғыштар) және басқа да әдістерге тыйым салынады.

М2. ХИМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ФИЗИКАЛЫҚ МАНИПУЛЯЦИЯЛАР

1. Мыналарға: Бұрмалау немесе допинг-бақылау кезінде алынған сынақтардың тұтастығын және түпнұсқалығын бұзу мақсатындағы бұрмалауға тыйым салынған. Бұл, мысалы, катетеризацияны, зәрді ауыстыруды және/немесе өзгертуді қамтуы мүмкін.

2. Ішкі қан тамырларының инфузиясына тыйым салынады. Жедел медициналық жағдайда осы әдісті пайдалану қажет деп табылса, терапевтік пайдалануға ретроактивті рұқсат талап етіледі.

М3. ГЕНДІК ДОПИНГ

Спорттық нәтижені жақсарту алатын жасушаларды, гендерді, гендік элементтерді терапевтік емес жолмен пайдалануға немесе гендік экспрессияны модуляциялауға тыйым салынады.

ЖАРЫСТАРДА ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ЗАТТАР МЕН ӘДІСТЕР

Жоғарыдағы S1-S5 және M1-M3-бөлімдерінде аталған санаттарға қосымша жарыс кезінде мына санаттарға тыйым салынады:

ТҮЙІМ САЛЫНҒАН СУБСТАНЦИЯЛАР

S6. СТИМУЛЯТОРЛАР

Жергілікті қолдануға арналған өндірістік имидазол мен 2008 жылға арналған мониторинг бағдарламасына* енгізілген стимуляторларды қоспағанда, (D- және L-) екі оптикалық изомерін қоса алғанда, барлық стимуляторларға тыйым салынады.

Стимуляторларға мыналар жатады:

адрафинил, адреналин, амфепрамон, амифеназол, амфетамин, амфетаминил, бензфетамин, бензалпиперазин, бромантан, катин***, клобензорекс, кокаин, кропропамид, кротетамид, циклазодон, диметиламфетамин, эфедрин****, этамиван, этиламфетамин, этилефрин, фампрофазон, фенбутразат, фенкамфамин, фенкамин, фенетиллин, фенфлюрамин, фенпропорекс, фюрфенорекс, гептаминол, изометептен, левметамфетамин, меклофеноксат, мефенорекс, мефентермин, мезокарб, метамфетамин (D-), мети.)ендиоксиамфетамин, метилендиоксиметамфетамин, р-метиламфетамин, метилэфедрин***, метилфенидат, модафинил, никетамид, норфепефрин, норфенфлюрамин, октопамин, ортетамин, оксилофрин, парагидроксиамфетамин, пемолин, пентетразол, фендиметразин, фенметразин, фенпрометамин, фентермин, 4-фенилпирацетам (карфедон), пролонтан, пропилгекседрин, селегилин, сибутрамин, стрихнин, туаминогептан және құрылымы жағынан немесе биологиялық әсер етуі жағынан ұқсас басқа да субстанциялар.**

* 2008 жылға арналған мониторинг бағдарламасына енгізілген мынадай субстанцияларға (бупропион, кофеин, фенилэфрин, фенилпропаноламин, пипрадол, псевдоэфедрин, синефрин) тыйым салынған болып есептелмейді.

** Жергілікті анестезияға немесе жергілікті қолдануға арналған (мысалы, назальды, офтальмологиялық) препараттар құрамындағы **адреналинге** тыйым салынбайды.

*** Егер **катиннің** зәрдегі құрамы миллилитріне 5 микрограмнан асса, тыйым салынады.

**** **Эфедрин** мен **метилэфедриннің** әрқайсысының зәрдегі құрамы миллилитріне 10 микрограмнан асса, тыйым салынады.

Мысал ретінде осы бөлімде тікелей көрсетілмеген стимулятор, егер осы субстанцияны спортшының қолдануы медициналық өнімдердегі жалпыға бірдей қолжетімділігі немесе оның спорттық нәтижеге әсер ететіні күмәнді болғандықтан допингке қарсы ережені әдейі бұзбағаны белгілі болған жағдайда ғана айрықша субстанция болып саналады.

S7. ЕСІРТКІЛЕР

Мынадай есірткілерге тыйым салынады:

бупренорфин, декстроморамид, диаморфин (героин), фентанил; және оның өндірістік түрлері, гидроморфион, метадон, морфин, оксикодон, оксиморфон, пентазоцин, петидин.

S8. КАННАБИНОИДТЕР

Каннабиноидтерге (мысалы, гашиш, марихуана) тыйым салынады.

S9. ГЛЮКОКОРТИКОСТЕРОИДТЕР

Глюкокортикоидтерді сору, ректальды, тамырға енгізу немесе бұлшық етке егу арқылы пайдалануға тыйым салынады. Оларды қолдану терапевтік пайдалануға рұқсат алу ды талап етеді.

Оларды қолданудың басқа да тәсілдері үшін (буын іші /буын маңы/ тамыр маңындағы, эпидуральдык/теріасты инъекциялары немесе ингаляция жолымен) төменде келтірілген жағдайларды қоспағанда, оңайлатылған процедура бойынша терапевтік пайдалануға рұқсат талап етіледі. Теріге салынатын жергілікті қолдану препараттарына (ионтофорезді/фонофорезді қоса алғанда) құлаққа, мұрынға тамызатындарға, офтальмологиялық, қызылик, анальды бұзушылықтар және ауыз қуысы бұзылуы кезінде тыйым салынбаған және терапевтік пайдалануға рұқсат берудің ешбір түрлері талап етілмейді.

ЖЕКЕЛЕГЕН СПОРТ ТҮРЛЕРІНДЕ ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ЗАТТАР

P1. АЛКОГОЛЬ

Спиртке (этанолға) тек төменде көрсетілген спорт түрлерінен өтетін жарыстарда ғана тыйым салынады. Тыныс алу және/немесе қанның анализі арқылы анықталады. Асып түсуі допингке қарсы ережені бұзғанын білдіретін шегі (гематологиялық көрсеткіштердің мәні) әрбір федерация үшін жақшаның ішінде көрсетілген.

Аэроавтика (FAI)	(0,20 грамм/литр)
Садақпен ату (FITA, IPC)	(0,10 грамм/литр)
Автомобиль спорты (FIA)	(0,10 грамм/литр)
Петанк (IPC)	(0,10 грамм/литр)
Каратэ (WKF)	(0,10 грамм/литр)
Қазіргі бессайыс (UIPM)	(0,10 грамм/литр)
а т у д ы қ а м т и т ы н п ә н д е р ү ш і н	
Мотоспорт (FIM)	(0,10 грамм/литр)
Су-мотор спорты (UIM)	(0,30 грамм/литр)

P2. БЕТА-БЛОКАТОРЛАР

Егер өзгеше көрсетілмесе, бета-блокаторларға мынадай спорт түрлерінен өтетін жарыстарда ғана тыйым салынады:

Аэроавтика		(F A I)
Садақпен ату (FITA, IPC)	(жарыстан тыс кезде де тыйым салынған)	
Автомобиль	спорты	(F I A)
Бильярд	спорты	(W C B S)
Бобслей		(F I B T)
Петанк	(C M S B ,	IPC)
Бридж		(F M B)
Керлинг		(W C F)
Гимнастика		(F I G)
Мотоспорт		(F I M)
Қазіргі бессайыс (UIPM)	атуды қамтитын пәндер үшін	
Боулинг		(F I Q)
Су-мотор	спорты	(U I M)
Желкенді спорт (ISAF)	(тек матчтық жарыстарда)	
Ату (ISSF, IPC)	(жарыстан тыс кезде де тыйым салынған)	
Шаңғы спорты/сноубординг (FIS)	(шаңғымен трамплиннен секіру, секіру (фристайл)/ хафпайп және сноубордтағы хафпайп/биг эир)	
Күрес (FILA)		

Бета-блокаторларға мыналар жатады (тізім түпкілікті болып табылмайды):
ацебутолол, альпренолол, атенолол, бетаксоллол, бисопролол, бунолол, картеолол, карведиол, целипролол, эсмолол, лабеталол, левобунолол, метипранолол, метопролол, надолол, окспренолол, пиндоллол, пропанолол, соталол, тимолол.

АЙРЫҚША СУБСТАНЦИЯЛАР*

"Айрықша субстанцияларға"* мыналар жатады:

- концентрацияда 1000 нг/мл-ден асатын сальбутамолды (глюкуронидпен бірге еркін) және кленбутеролды (S1.2 Басқа да анаболиялық агенттер бөлімінде аталған) қоспағанда, ингаляция түріндегі барлық бета-2 агонистері;
- альфа-редуктаз ингибиторлары, пробенацид;
- катин, кропропамид, кротетамид, эфедрин, этамиван, фампрофазон, гептаминол, изометептен, левметанфетамин, меклофеноксат, р-метиламфетамин, металэфедрин, никетамид, норфенефрин, октопамин, ортетамин, оксилофрин, фенпрометамин, пропилгекседрин, селегилин, сибутрамин, туаминогептан және S6 бөлімінде нақты көрсетілмеген және оларға қатысты спортшының жағдайы S6 бөлімінде сипатталған шарттарға сәйкес келетіні белгіленген кез келген басқа да стимуляторлар;
- каннабиноидтер;
- барлық глюкокортикостероидтер;
- алкоголь;
- барлық бета-блокаторлар.

* "Тыйым салынған тізімде қолданылуы олардың жалпы қолжетімділігінің болжалмаған салдары немесе спорттық нәтижелерге олардың қабілеттерінің әсер ететіндігі ретінде күмәнді болғандықтан қаралатын айрықша субстанциялар арнайы белгіленуі мүмкін". Егер "спортшы осы субстанцияны өзінің спорттық нәтижелерін жақсарту үшін қолданбағаны" анықталса, допингке қарсы күрес ережелері осы субстанцияларды пайдалану нәтижесінде кем дегенде қатаң санкциялармен жазалануы мүмкін.

II ҚОСЫМША ТЕРАПЕВТІК ПАЙДАЛАНУҒА РҰҚСАТ БЕРУ СТАНДАРТТАРЫ "ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН СУБСТАНЦИЯЛАРДЫ ТЕРАПЕВТІК ПАЙДАЛАНУҒА АРНАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАР"

**Дүниежүзілік допингке қарсы күрес агенттігінің (ДДКА) құжатынан үзінді;
2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады**

4.0 Терапевтік пайдалануға рұқсат беру өлшемдері

Спортшыға Тыйым салынған тізімге енгізілген тыйым салынған субстанцияларды немесе тыйым салынған әдістерді терапевтік пайдалануға (ТП) рұқсат берілуі мүмкін. ТП-ға рұқсат беру өтінімін Терапевтік пайдалануға рұқсат беру жөніндегі комитет (ТПК) қарайды. ТПК-ні допингке қарсы күрес ұйымы тағайындайды. Осындай рұқсаттар қатаң түрде мынадай өлшемдерге сәйкес беріледі:

Ескерту: Осы стандарт Кодексте жазылғандай барлық спортшыларға, мысалы, толық дене шынықтыру мүмкіндіктері бар спортшыларға және дене шынықтыру мүмкіндіктері шектеулі спортшыларға қатысты. Осы стандарт жекелеген жағдайларға сәйкес қолданылады. Мысалы, дене шынықтыру мүмкіндіктері шектеулі спортшыға берілген рұқсат басқаларға берілмеуі мүмкін.

4.1. ТП-ға рұқсат беру өтінімін спортшы спорттық іс-шараға қатысқанға дейін 21 күннен кешіктірмей береді.

4.2. Егер қандай да бір ауыр немесе созылмалы науқасты емдеу процесінде спортшы денсаулық жағдайының айтарлықтай төмендегенін сезінсе, ол тыйым салынған субстанцияны немесе әдісті пайдалана алмайды.

4.3. Тыйым салынған субстанцияны немесе әдісті терапевтік пайдалану, осы субстанцияны қолданудың терапевтік салдарының әсерінен болған қалыпты денсаулық жағдайының қалпына келуімен байланысты күткен жақсарудан басқа спорттық нәтижелердің қосымша жақсаруына әкелмейді. Эндогендік гормондардың "төменгі" деңгейін арттыру үшін кез келген тыйым салынған субстанцияны немесе әдісті пайдалану қолайлы терапевтік араласу болып саналмайды.

4.4. Тыйым салынған субстанцияны немесе әдісті пайдаланудың ақылға сыйымды терапевтік баламасының болмауы.

4.5. Тыйым салынған субстанцияны немесе әдісті пайдалану қажеттілігі Тыйым салынған тізімнен бұған дейінгі терапевтік емес субстанцияны пайдаланудың салдары бола алмайды.

4.6. ТП-ға рұқсат берген орган мынадай жағдайларда оның күшін жояды, егер:

- (а) спортшы ТП-ға рұқсат берген допингке қарсы күрес ұйымының кез келген талаптарына бірден бағынбаса;
- (б) ТП-ға рұқсаттың қолданыс мерзімі өтіп кетсе;
- (с) спортшы допингке қарсы күрес ұйымының ТП-ға рұқсат берудің күшін жойғанынан хабардар болса.

Ескерту: ТП-ға берілген әрбір нақты рұқсаттың тиісті ТПК бекіткен нақты көрсетілген қолданыс мерзімі болады. ТП-ға берілген рұқсаттың қолданыс мерзімі өтіп кетсе де немесе рұқсат қайтарылып алынса да, ал ТП мақсатында пайдалануға рұқсат берілген тыйым салынған субстанция бұрынғыша спортшының ағзасында болатын жағдайлар да кездесуі мүмкін. Мұндай жағдайларда теріс талдау нәтижесін бастапқы зерделеуді жүзеге асыратын допингке қарсы күрес ұйымы осындай нәтиже рұқсаттың қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін немесе ТП-ға рұқсат беруді қайтарып алумен келісетіні, келіспейтіні туралы мәселені қарайды.

4.7 ТП-ға рұқсат беру өтінімі мынадай жағдайларды қоспағанда, оның ретроактивті мақұлдау мәніне қарайды:

(а) жедел медициналық көмек көрсету немесе денсаулық жағдайының шұғыл төмендеуі кезінде емдеу қажеттілігі;

(б) өтінім берушінің өтінім беруге, ал ТПК-ның допинг-бақылау өткізгенге дейін өтінімді қарауға жеткілікті уақыты немесе мүмкіндіктері болмауының айрықша жағдайлары.

Ескерту: ТП-ға рұқсат алғанға дейін тыйым салынған субстанцияларды немесе әдістерді пайдаланумен жедел медициналық көмек көрсету қажеттілігі не денсаулық жағдайының шұғыл төмендеуі кезінде емдеу қажеттілігі сирек туындайды. ТП-ға рұқсат беруге өтінім берудің оңайлатылған рәсімін талап ететін жағдайлар да жиі туындамайды. Сонымен бірге ТП-ға рұқсат беруге жауапты допингке қарсы күрес ұйымы осындай жағдайларда әрекет етуді айқындайтын ішкірәсімдер әзірлеуі тиіс.

5.0 Ақпараттың құпиялылығы

5.1 Өтінім беруші ТПК мүшелерінің өтінішіне және егер қажет болса басқа да тәуелсіз медициналық немесе ғылыми сарапшыларға, сондай-ақ ТП-ға рұқсат беруге, қарауға немесе апелляцияға өтінім білдіруге қатысы бар барлық қызметкерлерге барлық қажетті ақпаратты беруге жазбаша келісім беруі тиіс. Егер басқа жақтан тәуелсіз сарапшыны тарту талап етілсе, өтінімнің барлық детальдары спортшының тегі мен аты және оның емдейтін дәрігері жазылмай жіберіледі. Бұдан басқа, өтінім беруші Кодекстің ережелеріне сәйкес басқа тиісті допингке қарсы күрес ұйымдары оның өтінімі бойынша қабылдаған шешімін тапсыруға жазбаша келісім беруі тиіс.

5.2. ТПК мүшелері және допингке қарсы күрес ұйымының ісін жүргізетін әкімшілік өзінің барлық қызметінде құпиялылық принциптерін қатаң сақтайтын болады.

ТПК-ның барлық мүшелері, осыған қатысы бар барлық қызметкерлер құпиялылықты сақтау туралы келісімге қол қояды. Атап айтқанда, олар мынадай ақпаратқа қатысты құпиялылықты сақтауы тиіс:

(а) спортшы мен оның дәрігері/дәрігерлері ұсынатын кез келген ақпарат және медициналық сипаттағы деректер;

(б) осы процеске тартылған дәрігердің/дәрігерлердің тегі мен атын қоса алғанда өтінімнің кез келген детальдары.

Егер спортшы ТПК-ге немесе ДДКА ТПК-ге өзінен денсаулық жағдайы туралы кез келген ақпарат беру құқығынан бас тартқысы келсе, онда ол бұл туралы өзінің дәрігеріне жазбаша хабарлауға тиіс. Осындай шешім болғандықтан спортшы ТП-ға рұқсат алмайды немесе ТП-ға қолданыстағы рұқсатты жаңарта алмайды.

6.0 Терапевтік пайдалануға рұқсат беру жөніндегі комитеттер (ТПК) ТА-ға рұқсат беру жөніндегі комитеттер белгіленеді және мынадай принциптерге сәйкес іс-әрекет етеді:

6.1 ТПК-ның құрамында спортта және спортшыларды емдеуде жұмыс тәжірибесі бар, сондай-ақ клиникалық, спорттық медицина және жаттығу жүктемелерін медициналық бақылау саласында терең білімі бар кем дегенде үш дәрігер болуға тиіс. Шешім қабылдау кезінде тәуелсіздіктің белгілі бір деңгейін қамтамасыз ету үшін ТПК-ның мүшелері допингке қарсы күрес ұйымының шеңберінде қандай да бір ресми міндеттермен байланысты болмауға тиіс. ТПК-ның барлық мүшелері мүдделердің қақтығысын болдырмау туралы келісімге қол қояды. Дене шынықтыру мүмкіндіктері шектеулі спортшылардың өтінімдерін қарау үшін ТПК-ның кем дегенде бір мүшесінде дене шынықтыру мүмкіндіктері шектеулі спортшыларды емдеу және медициналық күту тәжірибесі болуы тиіс.

6.2 ТПК ТП-ға рұқсат беруге әрбір нақты өтінімге қатысты жағдайларды қарау үшін қажет деп тапқан сыртқы көздерден кез келген медициналық немесе ғылыми сараптамаға сұрау сала алады.

6.3 ДДКА ТПК мүшелерінің құрамы 6.1-бабында жазылған өлшемдерге сәйкес айқындалады. Допингке қарсы күрес ұйымдарының ТП-ға рұқсат беруіне қатысты өз жеке бастамасы бойынша шешімдерді қабылдау үшін ДДКА ТПК белгіленеді. ДДКА ТПК Кодексінің 4.4-бабына сәйкес допингке қарсы күрес ұйымы терапевтік пайдалануға рұқсат беруден бас тартқан кез келген спортшының сұрау салуы бойынша олардың қайта қарауына өкілеттіктерді иелене отырып, осындай шешімдерді қарай алады.

7.0 Терапевтік пайдалануға (ТП) рұқсат беруге өтінімдер беру рәсімі

7.1 ТП-ға рұқсат беру өтінімі барлық тиісті құжаттар қоса берілуге тиіс өтінімнің толтырылған формулярын алғаннан кейін ғана қаралады (1-қосымшаны қараңыз - ТП-ға рұқсат беруге өтінімдердің формуляры). Өтінімді қарау рәсімі қатаң медициналық құпиялылық принциптеріне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

7.2 1-қосымшада келтірілген ТП-ға рұқсат беру өтінімдерінің формуляр(лар)ына допингке қарсы күрес ұйымдары ақпарат алу мақсатында қосымша сұрау салуларды қамтитын өзгерістерді енгізе алады, алайда олардан ешбір бөлімдер мен тармақтар алынып тастала алмайды.

7.3 ТП-ға рұқсат беру өтінімдерінің формуляр(лар)ын допингке қарсы күрес ұйымы басқа тілдерге аудару алады, алайда ағылшын және француз мәтіндері өтінімдердің формуляр(лар)ында қалуы тиіс.

7.4 Спортшы кемінде бір допингке қарсы күрес ұйымына Ш-ға рұқсат алу жөнінде өтінім білдіре алады. Өтінімде спорт түрі, тиісті жағдайларда спорттық пән және нақты позициясы немесе спортшының рөлі көрсетілуі тиіс.

7.5 Өтінімде кез келген бұған дейінгі және/немесе қолданыста бар тыйым салынған субстанцияны немесе тыйым салынған әдісті пайдалануға рұқсат беру өтінімдері аталуға тиіс, олар берілген орган және олар бойынша осы органның шешімі жазылады.

7.6 Өтінімде спортшының толық медициналық картасы (ауру тарихы) және барлық зерттеулердің нәтижелері, зертханалық талдаулар және осы өтінімге қатысы бар медициналық бейнелеулерді зерделеулер болуы тиіс.

7.7 Допингке қарсы күрес ұйымының ТПК сұрататын кез келген тиісті қосымша зерттеулер, талдаулар немесе медициналық бейнелеулерді зерделеулер өтінім берген адамның немесе ұлттық спорт ұйымының басшысы есебінен жүргізіледі.

7.8 Өтінімде спортшыны емдеу үшін тыйым салынған субстанцияны немесе тыйым салынған әдісті пайдалану қажеттілігін растайтын тиісті біліктілігі бар дәрігердің қорытындысы болуы тиіс; онда сол сияқты спортшыны емдеу үшін неліктен балама, тыйым салынбаған медициналық дәрі-дәрмектердің пайдаланыла алатыны немесе пайдаланыла алмайтыны көрсетілуі тиіс.

7.9 Өтінімде сұратқан тыйым салынған субстанцияны немесе әдісті пайдалану мөлшері, жиілігі, тәсілі және ұзақтығы көрсетілуі тиіс.

7.10 ТПК-ның шешімдері тиісті ақпарат алған күннен бастап 30 күн ішінде қабылданады және тиісті допингке қарсы күрес ұйымы арқылы спортшыға жазбаша түрде жеткізіледі. Егер ТП-ға рұқсат спортшыға допингке қарсы ұйымның тіркелген тестілеу пулы арқылы берілсе, онда өтінімді бекіту туралы спортшыға және ДДКА-ға ТП-ға рұқсат берумен байланысты осы рұқсаттың қолданыс мерзімі мен барлық жағдайларға қатысты ақпаратты бір уақытта ұсына отырып, дереу хабарлайды.

7.11 (а) ДДКА ТПК-ның қабылдаған шешімін қайта қарау туралы спортшыдан алынған сынақ жөніндегі Кодекстің 4.4-бабына сәйкес қандай да бір допингке қарсы күрес ұйымы қабылдаған ТП-ға рұқсат беру туралы шешімді қайта қарау мүмкіндігі болады. Спортшы ДДКА ТПК-ге бастапқыда допингке қарсы күрес ұйымы ұсынған ТП-ға рұқсат беруге қатысты барлық ақпаратты өтінімді қарау жөніндегі қызмет көрсетулердің төлемақысымен бірге береді. Қарау процесі аяқталғанға дейін бастапқы қабылданған шешім күшінде қалады. Аталған өтінішті қарау процесінің ұзақтығы

ДДКА-дан тиісті ақпаратты алған күннен бастап 30 күннен аспауы тиіс.
b) ДДКА қарауды кез келген уақытта жүргізе алады. ДДКА ТПК өз қарауын 30 күн ішінде аяқтайды.

7.12 Егер ТП-ға рұқсат беру туралы шешім аталған өтініштің қарау нәтижелері бойынша қайта қарауға жатса, онда қайта қарау туралы мұндай шешімнің кері күші болмайды және ТП-ға рұқсаттың қолданысы кезеңінде спортшы көрсеткен нәтижелер жойылуға жатпайды, ал мұндай қайта қарау туралы шешім спортшыны ол туралы хабардар еткен сәттен бастап 14 күннен кешіктірілмей күшіне енеді.

8.0 ТП-ға рұқсат беру өтінімдерінің оңайлатылған рәсімі (ОР)

8.1 Тыйым салынған тізімге енгізілген кейбір субстанциялар спортшыларда жиі кездесетін ауруларды емдеу үшін пайдаланылатыны белгілі. Осындай жағдайларда 4 және 7-бөлімдерге сәйкес ТП-ға рұқсат беру өтінімдерін берудің толық рәсімінен өтудің қажеті жоқ. Бұл үшін арнайы ТП-ға рұқсат беруге өтінім берудің оңайлатылған рәсімі енгізіледі.

8.2 Аталған оңайлатылған рәсім тек мынадай тыйым салынған субстанциялар мен әдістерді ТП-ға қатысты қолдана алады: Ингаляция түріндегі бета-2 агонисттері (формотерол, сальбутамол, сальметерол және тербуталин), сондай-ақ жүйелі пайдаланбаған кезде глюкокортикостероидтер.

8.3 Жоғарыда аталған субстанциялардың біреуін пайдалану үшін спортшы допингке қарсы күрес ұйымына осындай субстанцияны терапевтік пайдалану қажеттілігін растайтын медициналық анықтама ұсынады. 2-қосымшада келтірілген медициналық анықтамада диагноз, дәрі-дәрмектің атауы мөлшері оның қолданылу тәсілі мен ұзақтығы көрсетіледі. Тиісті жағдайларда оған диагнозды қою мақсатында жүргізілген кез келген талдаулар (нақты нәтижелері немесе егжей-тегжейі көрсетілместен) енгізілуі тиіс.

8.4 Оңайлатылған рәсім мыналарды қамтиды:

(a) оңайлатылған рәсімнің тиімділігін қамтамасыз еткен жағдайда допингке қарсы күрес ұйымның анықтамадағы талап етілген барлық ақпаратты алу жөнінде тыйым салынған субстанцияларды пайдалану санкциясын. Барлық талап етілген ақпарат болмаған анықтама өтінім берушіге қайтарылады;

(b) допингке қарсы күрес ұйымының, сондай-ақ тиісінше халықаралық федерацияның, ұлттық федерация және ұлттық допингке қарсы күрес ұйымының спортшыны барлық талап етілген ақпараты бар анықтамаларды алғаны туралы дереу хабардар етуін. Допингке қарсы күрес ұйымы бұл туралы ДДКА-ны халықаралық дәрежедегі спортшыларға қатысты жағдайларда ғана хабардар етеді.

(c) оңайлатылған рәсім шеңберінде спортшы ұсынған анықтама мынадай жағдайларды қоспағанда, ретроактивті қаралмайды:

- жедел медициналық көмек көрсету немесе денсаулық жағдайы шұғыл төмендеген кезде емдеу қажеттілігі;

- өтінім берушінің өтінім беруге, ал ТПК-ның допинг-бақылау өткізгенге дейін өтінімді алуға жеткілікті уақыты немесе мүмкіндіктері болмауының айрықша жағдайлары.

8.5 (а) ТПК немесе ДДКА ТПК-ге кез келген уақытта оңайлатылған рәсімдер шеңберінде қабылданған шешімдерді қайта қарай алады; (b) егер спортшы ДДКА ТПК-ге оңайлатылған рәсімдер шеңберінде ТП-ға рұқсат беруден бас тартуды қайта қарау туралы өтініш білдірсе, ДДКА ТПК спортшыдан ол қажет деп тапқан қосымша медициналық ақпаратты талап ете алады, бұл ретте онымен байланысты барлық шығыстарды спортшы көтереді.

8.6 ТПК немесе ДДКА ТПК оңайлатылған рәсімдер шеңберінде ТП-ға арналған рұқсат қолданысының кез келген уақытта күшін жоя алады. Бұл туралы спортшы, оның халықаралық федерациясы және барлық тиісті допингке қарсы күрес ұйымдары дереу хабардар етіледі.

8.7 ОР шеңберінде берілген рұқсаттың күшін жою осындай шешім туралы спортшыны хабардар еткеннен кейін бірден күшіне енеді. Оның үстіне спортшының 7-бөлімге сәйкес ТП-ға рұқсат алуға өтініш білдіруге құқығы болады.

9.0 Ақпараттық орталық

9.1 Допингке қарсы күрес ұйымдарына ТП-ға рұқсат беру туралы қабылдаған барлық шешімдерді, сондай-ақ 7-бөлімге сәйкес берілген барлық көмекші құжаттаманы ДДКА-ның қарауына беру ұсынылады.

9.2 ОР шеңберінде берілген ТП-ға рұқсат беруге қатысты допингке қарсы күрес ұйымдары ДДКА-ның қарауына 8.4-бөлімге сәйкес халықаралық деңгейдегі спортшылар ұсынған медициналық анықтамаларды табыс етеді.

9.3. Ақпараттық орталық барлық медициналық ақпараттың қатаң құпиялылығына кепілдік береді.

2005 жылғы он сегізінші қарашада Парижде Бас конференцияның 33-ші сессиясы төрағасының және ЮНЕСКО-ның бас директорының қолдарымен бекітілген екі түпнұсқа данада жасалды және ЮНЕСКО-ның мұрағатына сақтауға тапсырылады.

Жоғарыда келтірілген мәтін Парижде өткен және 2005 жылғы жиырма бірінші қарашада жабылды деп жарияланған ЮНЕСКО-ның Бас конференциясының 33-ші сессиясында тиісті түрде қабылданған Конвенцияның түпнұсқалы мәтіні болып табылады.

Осының дәлелі ретінде осы Конвенцияға 2005 жылғы он сегізінші қарашада қол қойылды.

Б а с к о н ф е р е н ц и я н ы ң

төрағасы

Бас директор

2005 жылғы 19 қазанда Париж қаласында қабылданған Спорттағы допингке қарсы күрес туралы халықаралық конвенция мемлекеттік тілге дұрыс аударылып, мамандармен тексерілді.

Қазақстан Республикасы
Туризм және спорт министрлігі
Әкімшілік жұмыс департаменті
Мемлекеттік тілді дамыту және
құжаттамалық қамтамасыз ету

басқармасының бастығы

С. Ақанова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ